

Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің 2019-2020 оқу жылындағы стратегиялық және даму жұмыстарының орындалу бойынша Құрылтайшылар Кеңесінде жасаған ректор Е. Саурықовтың

ЕСЕБІ

Құрметті Кеңес мүшелері!

Есеп беру кезеңінде университеттің стратегиялық және даму жоспары екі үлкен құжат негізінде жүзеге асырылғандығын айтқым келеді. Біріншісі – Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласын дамытудың стратегиялық даму жоспары негізінде әзірленген 2019-2023 жылдарға арналған стратегиялық жоспары, екіншісі - 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізіндегі Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің 2020-2025 жылдарға арналған Даму бағдарламасы. Сонымен қатар, 2020 жылдың 17 наурызынан басталған әлемдік коронавирус пандемиясына байланысты оқу үрдісінің толықтай қашықтан оқытуға көшірілуі университеттің білім беру, ғылым мен тәрбие жұмыстарын қайта қарауға әкеледі.

Елімізде білім беру мен ғылымды дамыту бойынша жүйелі шаралар кешені іске асырылуда. 2015 жылы мемлекетіміз өзіне Біріккен Ұлттар Ұйымының 2030 жылға дейінгі тұрақты даму мақсаттарына, оның ішінде бәрін қамтитын және әділ сапалы білім беруді және баршаға арналған өмір бойы оқу мүмкіндігін ынталандыруды қамтамасыз етуді көздейтін міндеттемелерді қабылдаған болатын. Осыған сәйкес, әлемдегі білім беруді дамытудың негізгі бағыттары айқындалды.

Есеп беру кезеңінде университеттің Даму жоспары негізінде бірқатар жұмыстар оқу нәтижелерін берді. Университеттің білім беру бағдарламаларын әзірлеуде құзіреттілік әдістері белсенді және тиімді қолданылады. Үкіметтің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында белгіленген Қазақстан Республикасының Білім және ғылым жүйесін дамытудағы жаңа басымдықтары негізінде өзгертіліп, толықтырылды, жаңа

бағдарлама әзірленіп, бекітілді. Жоспарланған бағдарлама университет қызметінің бұрын қабылданған ережелерін одан әрі дамыту болып табылады. Университет миссиясы Даму стратегиясының басты бағыттары негізінде факультеттер, кафедралар, жекелеген құрылымдық бөлімдердің мақсаттары мен міндеттері, мақсатты индикаторлары, іс-шаралары мен көрсеткіштері айқындалды.

I стратегиялық бағыт «Оқыту мен тәрбиелеудің жоғары сапасын қамтамасыз етуге қабілетті жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында функционалдық қызметті жүзеге асыру» деп аталады. Бұл бағыт бойынша **1 мақсат «Өз бетінше білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге қабілетті, кәсіби білімі, іскерлігі мен дағдылары бар мамандарды даярлау сапасын арттыру»** мақсаты көзделген. Бұл мақсат бойынша түлектердің құзыреттілігіне бағдарланған модульдік оқу жоспарларын әзірлеу, оқу жоспарларының вариативтік бөлігін әзірлеу кезінде қазіргі заманғы білім беру ұйымдарының, кәсіпорындардың, құқық, банк салалары мен ауыл шаруашылығының қажеттіліктерін есепке алу, интеграцияланған курстарды жобалау және оларды оқыту әдістемесі бойынша оқу пәндерін білім беру процесіне енгізу есебінен мамандар даярлауға тәжірибелік бағыт беру, білім беру қызметтерін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жақсарту, қашықтықтан оқыту технологиясын жетілдіру міндеттері белгіленді.

2019-2020 оқу жылында Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті жоғары білім берудің 29 білім беру бағдарламасы және ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттағы жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің 13 білім беру бағдарламасы бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асырады. Университетте білім беру қызметі 2018 жылы жарық көрген МЖМБС, ЖОО-да оқу үдерісін ұйымдастырудың типтік Ережелері мен оқытудың кредиттік технологиясы Ережелеріне сәйкес жүргізіледі. Кадрларды даярлау бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеуде құзыреттілік әдіс-тәсілдер белсенді және тиімді қолданылады, олардың арасында:

1. Көп тілділік және көпмәдениеттілік.
2. Салааралық қарым-қатынас жасау дағдылары.
3. Тұтынушыға бағытталу.
4. Жобалар мен үдерістерді басқара білу.

5. Жоғары белгісіздік режиміндегі жұмыс.
6. Көркем шығармашылыққа қабілеттілік.
7. Жасанды интеллектпен жұмыс.
8. Ұжымдармен, топтармен жұмыс істей білу
9. Жүйелік ойлау.
10. Үнемді өндіріс.
11. Экологиялық ойлау.

Университетте білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен келісу міндеттелді және бүгінгі күні университеттің барлық мамандықтарының жұмыс оқу жоспарлары аймақтық жұмыс берушілермен келісілген. Жұмыс берушілердің ұсыныстарын тиімді пайдалану үшін жұмыс оқу жоспарларын емес, құзыреттілікті немесе басқа сөзбен ПОӘК-ні және олардың кәсіби стандарттардың талаптарын қамтамасыз етуді келісу қажет.

2019-2020 оқу жылында университетте білім алушылар саны 6000-нан асты. Мемлекеттік білім гранттары есебінен оқитын студенттер саны өткен жылы 21 студент болса, 2019-2020 оқу жылында 93 студентті құрады. Бұл фактілер университеттің еліміздің жоғары білім беру кеңістігінде өзіндік орны бар және лайықты білім беретін альма-матер ретінде саналы түрде таңдаған білім алушылар ұжымы екендігін көрсетеді.

2019-2020 оқу жылында «Менеджмент: Адами ресурстарды басқару» білім беру бағдарламасы әзірленіп, Реестрге енгізілді.

2018-2019 оқу жылында күндізгі оқу бөлімін 764 студент бітірсе, оның 567-сы жұмысқа орналастырылды, 74% (бітірушілер ұсынған анықтамалардың мәліметтері бойынша). ЗТМО арқылы ҰКП сұрауының нәтижелері бойынша жұмысқа орналастыру көрсеткіші 66,6-ға расталды.

Бұл жерде бітірушілердің кейбіреулерінің өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналыспағаны анықталды. Бүгінгі таңда бітірушілердің өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналасу, кафедрамен бітірушілердің 3 жыл бойында байланыста болуы және тағы басқа жұмыстарды жүзеге асыруға арналған. ТИГУ бітірушілерін 2020-2025 жылдарға арналған Жол картасы қабылданды.

Үш жылдан бері «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы ҚР БҒМ-мен бірлесіп отандық ЖОО-лардың білім беру бағдарламаларына зерттеу жүргізеді және олардың негізінде ТИГУ рейтингісі жоғарылап, 3 жыл бойы үздік 20 отандық ЖОО-ның қатарына кірді.

2020-2021 оқу жылына арналып, еңбек нарығының сұранысы мен ұсыныстарын зерттеу нәтижелері бойынша университетте кадрларды даярлаудың қолданыстағы бағыттары шеңберінде төмендегідей жаңа білім беру бағдарламалары әзірленіп, Реестрге ендірілді:

- IT-экономика;
- Әлеуметтік саладағы мемлекеттік басқару;
- Биология-санитарлық эпидемиология;
- Агрономия-экология;
- Компьютерлік инженерия;
- Ақпараттық жүйелер және технологиялар;
- Әлеуметтік экономика;
- Орманшаруашылығы;
- Әлеуметтік саладағы мемлекеттік басқару;
- Компьютерлік инженерия;
- Биология - санитарлық эпидемиология;
- Агрономия – экология.

Бұған қоса, өңірдегі еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие жаңа бағыттағы «Орман шаруашылығы», «Жалпы медицина» білім беру бағдарламалары Реестрге енгізілген, «Балық шаруашылығы» бойынша құжаттар дайындалуда.

Университет оқу-әдістемелік, ғылыми және тәрбиелік бағыттарда білім беру қызметінің үдемелі дамуын жүргізеді. Университет мамандықтарының білім беру бағдарламаларын әзірлеуде жұмыс берушілер белсенді тартылады және құзыреттілік тәсіл әдістері тиімді қолданылады.

Университет деңгейінде мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес мамандарды даярлау деңгейін қолдауға және нарықтық экономика талаптарына жауап беретін мамандарды кәсіби-практикалық даярлаудың сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін оқу-тәрбие процесінің құралдары мен әдістерін жетілдіру бойынша жұмыстар тұрақты жүргізіледі. Университет ПОҚ оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларының талаптары бойынша оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу тәсілдері мен нысандарын, оқыту әдістерін таңдау еркіндігі берілген.

Оқытудың жаңа әдістерін, студенттердің танымдық қызметін жандандыру құралдарын енгізуге, жеке дайындықты күшейтуге баса назар аударылады. Даму басымдықтарының қатарында университет аймақта және

Қазақстан Республикасында сұранысқа ие инновациялық мамандарды даярлау мәселесіне ерекше көңіл бөледі. Бұл ретте оң отандық және халықаралық тәжірибені пайдалану, атап айтқанда инновациялық және деңгейлік білім беру және ғылыми бағдарламаларды енгізу басым рөл атқарады.

Сонымен қатар, модульдік оқу жоспарларын әзірлеу 50% - ға өсті, онда модульдер оқу жоспарларының вариативтік бөлігін әзірлеу кезінде кәсіптік стандарттардың салалық шеңберлерінің негізін ескеретін түлектердің құзыреттілігіне бағдарланған.

Білім беру процесіне кіріктірілген курстар мен оларды оқыту әдістемелерін енгізу есебінен мамандар даярлаудың практикаға бағытталған бағыты 12%-ға артты.

Қашықтықтан оқыту технологиясын жетілдіру мақсатында білім беру қызметтерін оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің 50% - ы электрондық тасымалдағыштарға ауыстырылды.

Университеттің жұмыс берушілермен өзара іс-қимылының тиімді нысандарын енгізу мәселесі кәсіпорындармен келісу сатысында. Даму бағдарламасында көрсетілген көрсеткішке (4-тен кем емес) 2020-2021 оқу жылының соңына қарай қол жеткізу жоспарлануда.

Оқу процесіне оқытудың озық технологиялары мен оқытудың инновациялық әдістерін одан әрі енгізу бойынша жұмыс жалғасуда. Әр кафедрада кем дегенде екі білім беру бағдарламасында ақпараттық технологияларды қолдану және оқытудың инновациялық әдістері қарастырылған.

«Инновациялық оқытушы, инновациялық кафедра, инновациялық факультет» Ережесін өзектендіру мақсатында аудиториялық сабақтарды мониторингілеу (бақылауды анықтау) әдістемесін жетілдіру тұрақты негізде жүргізіледі.

Университетте инклюзивті білім беру ұйымдары үшін арнайы жабдықтар, құрылғылар мен құралдарды орнату бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Шетелдік жоғары оқу орындарының үлгісі бойынша ТИГУ түлектері қауымдастығының қызметін жандандыру бойынша жұмыс басталды.

Жаңа жағдайларды ескере отырып, ТИГУ түлектерінің қауымдастығы қызметінің іс-шаралар жоспарын әзірлеу және іске асыру белгіленген.

ТИГУ бітіргеннен кейін бірінші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі: мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша түлектердің жалпы санының 95% - ын, ақылы негізде 76% - ын құрайды.

Университет білім беру бағдарламаларының 95% - ы жұмыс берушілер өкілдерінің қатысуымен әзірленеді.

Жұмыс берушілермен кейіннен түлектерді жұмысқа орналастыру мүмкіндігімен өндірістік практика базаларымен қамтамасыз етуге 15 келісімшарт жасалды.

Келесі санаттар бойынша практикалық маңызы жоқ, ескірген пәндерді алып тастау мақсатында оқу жұмыс жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларына талдау жүргізілді:

- Жұмыс берушілердің пікірін ескере отырып, 10 білім беру бағдарламалары жетілдірілді.

- Оқу процесіне өндірістен жоғары білікті 6 білікті мамандар шақырылды.

- Университет білім беру бағдарламалары бойынша оқу процесі компьютерлік технологиялармен және мультимедиялық құралдармен жабдықталды.

-ТИГУ ПОҚ 10 ағылшын тілінде оқу-әдістемелік әдебиеттер әзірледі.

2 мақсат: «Білім беру қызметін жетілдіру - мамандарды даярлау кезеңінде көптілді және дуальды оқытуды енгізу». Бұл бойынша университетте көптілді топтар белгіленіп, студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығының мүмкіндіктерін кеңейтуге, әлеуетті талапкерлердің нақты қажеттілігіне бағытталған жаңа оқу бағдарламалары әзірленді.

15 жұмысшы кәсіпті игеруді қамтамасыз ететін дуалды білім беруге бағытталған оқу бағдарламалары анықталды. Өндірісте оқу үрдісін ұйымдастыру кезінде барлық кафедраларда келісімшарттар, сабақ кестесі, штаттық кесте, ПОӘК бар. «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасы Жамбыл облысы әкімдігінің білім бөлімінің, Жамбыл облыстық қоғамдық бірлестігінің және облыстық мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды мемлекеттік басқарудың облыстық орталығы «Би-Дәулет» ЖШС-мен дуальді оқытуды өткізу туралы шарт жасасты.

Қашықтықтан білім беруді барынша енгізе отырып және қазіргі заманғы ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, сапалы білім беру бағдарламаларын жүйелі дамыту арқылы ашық

білім беру платформасын құру үшін онлайн курстарды әзірлеу бойынша жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Университет үшін түпкі мақсат ашық онлайн курстар кешенін құру болып табылады.

COVID-19 әлемдік пандемиясына байланысты карантиндік шаралар есеп беру кезеңінде оқу процесін ұйымдастыруға үлкен өзгерістер енгізді. Барлық оқу процесі қашықтықтан білім беру технологияларына ауыстырылды. COVID-19 короновирустық инфекция пандемиясы кезеңінде қашықтықтан білім беру технологияларына көшу кезінде қосымша шаралар қабылданды:

Қашықтықтан оқыту бойынша бағдарламалық қамтамасыз етудің негізі ретінде университетте компьютерлік және интернет-технологияларға негізделген СУО Moodle оқытуды басқарудың автоматтандырылған жүйесі таңдалды. Сайт хостингінде екінші деңгейлі домен құрылды 2019-2020 оқу жылына кадрлар даярлау бағыттары бойынша ОП, ЭПК, РУП, академиялық күнтізбелер қойылған Dis.tigu.kz білім беру порталы құрылды. Білім алушыларға арналған оқу-әдістемелік және ұйымдастыру-әкімшілік ақпараттары бар беттермен ақпараттық жүйені толықтыру бойынша жұмыс жүргізілді.

Оқытушылар мен қызметкерлер біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, тиісті сертификаттар алды. ПОҚ және білім алушыларға арналған ҚБТ қолдану бойынша қосымша оқыту семинары өткізілді.

Университет бірінші проректорының 11.05.2020 жылғы № 34 өкімімен педагогикалық практикадан өту тоқтатылып, кәсіби практикадан өтудің қосымша мерзімі анықталып, бітірушілерді қорытынды аттестаттауы бірінші проректордың 09.04.2020 жылғы № 011 өкімімен 25.05. - 20.06.2020 жыл аралығына ауыстырылды.

Студенттер үйінде қалған білім алушылар үшін жеке бөлмелерде Интернетке шығу мүмкіндігі бар компьютерлер қойылып, оқу процесі ұйымдастырылды.

ҚР БҒМ тарапынан жүйелі ұйымдастыру, ұсыныстар, ҚОТ және карантин жағдайында оқу үдерісін ұйымдастырудың үздік тәжірибелерін алмасу үшін ашық алаң ұсыну тұрғысынан тұрақты қолдау көрсетілгендігін атап өту қажет. Көптеген шешімдер жоғары оқу орындары ұсынған академиялық еркіндік шеңберінде дербес қабылданды. Жоғары оқу орындары тегін МООК ұсынды, Антиплагиат бойынша компаниялар тегін тексерулерге қосымша

лимит берді, республикалық Кітапханалар тегін қолжетімділікке сілтеме жасады. Әр жоғары оқу орны секілді Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті де осы жағдайларды ескере отырып, материалдық-техникалық жабдықталу мен басқа да өзекті мәселелер турасында тәжірибелер жинақталды.

Университетте ҚОТ-ны қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде келесі проблемалар пайда болды:

1. Барлық ПОҚ ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиісті деңгейде меңгермеген;
2. Электрондық тасымалдағыштардағы оқу-әдістемелік әдебиеттердің саны жеткіліксіз;
3. Университет кітапханасының жұмысы білім беру сайтында нашар ұсынылған;
4. ПОӘК ҚОТ қолдану арқылы оқытуға мүлдем бейімделмеген;
5. Білім беру порталының платформасы функциялармен шектелген;
6. Оффлайн режимде бейне сабақ түрлері бойынша мәліметтер базасы жоқ;
7. Университеттің бірыңғай ақпараттық жүйесі жоқ;
8. Офис-тіркеуші және Moodle платформасының жергілікті базасынан ақпарат әрдайым жүйелендірілмейді;
9. ҚОТ қолдану арқылы кәсіби тәжірибелерді өткізу бұған дейін қолданылмаған.

Университетте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануды дамыту мақсатында 1Гб/сек жылдамдықпен қызметкерлердің ішкі ақпараттық ресурстарға сапалы қол жеткізуін қамтамасыз ететін опто талшықты байланыс желілері негізінде корпустарды бірыңғай корпоративтік желіге біріктіру аяқталды. 100МБ/сек жылдамдықтағы оптикалық талшықты байланыс желілері әлемдік ақпараттық ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Университеттің негізгі порталы www.tigu.kz мекен-жайы бойынша тіркелген, қосымша қызметтер dis.tigu.kz арқылы жүзеге асырылады. Корпоративтік пошта сервері - mail.tigu.kz , ішкі портал - portal.tigu.kz

Қазіргі уақытта әзірленген жоспарға сәйкес университетте «Тіркеу офисі» **АРМ** ішкі жүйесі әзірленіп, айтарлықтай кеңейтілді және толықтырылды.

Оқу процесіне көптілділікті енгізу жұмыстары жүргізілуде. 7 Білім беру бағдарламасы бойынша (Экономика, Информатика, Физика, Химия, Биология, Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, Туризм) оқыту 3 тілде жүргізіледі. Студенттер мен оқытушыларға арналған ағылшын тілін оқыту үйірмелері белсенді жұмыс істейді. Студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын кеңейту міндеті (ішкі және сыртқы) орындалады. Сонымен, 39 білім беру ұйымымен серіктестік туралы келісім жасалды, оның ішінде 15 отандық және 24 шетелдік, оның ішінде 19 ТМД және 5 алыс шетелдік.

2019-2020 оқу жылында шетел профессорлары ТИГУ университетінде дәріс берді:

- Сет Агбо (Канада) 2 курс студенттеріне «жаһандану, даму және білім беру» тақырыбында дәріс оқыды және тренингтер өткізді. Семинарға қатысушылар жаһандану дәуірінде ұлттардың дамуына ықпал ететін адами капиталды дамыту үдерісі ретінде білім беру перспективаларын талқылады, сондай-ақ үздіксіз білім беру мен үздіксіз білім беру арасындағы айырмашылық жүргізілді.

- Ли Минджа (Корей Республикасы) 2014 жылдың 4 қыркүйегінен бастап қазіргі күнге дейін ТИГУ «Шет тілдері: екі шет тілі» кафедрасының оқытушысы қызметін бастады. 2016 жылдың 4 қаңтарында ТИГУ базасында корей тілін оқыту орталығы ашылды. Қазіргі уақытта корей тілін оқыту орталығы алған білімдерін практикаға қажетті арнайы жабдықтармен және оқу материалдарымен жабдықталған.

ТИГУ Қытай, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Украина, Оңтүстік Корея, Австрия, Чехия, Польша, Германия, Испания, Румыния, Малайзия, Түркия елдерінің жоғары оқу орындарымен келісімшарттар жасаған және студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығы бағытында ғылыми тақырыптар мен мәселелерді шешу бойынша тығыз жұмыс істейді.

Университетте білім және ғылым саласындағы академиялық алмасу бойынша бірқатар шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық ұйымдастырылды: Ташкент жеңіл өнеркәсіп институты (профессор М.М. Мукимов, профессор С. Ш. Ташбулатов); Оңтүстік Ресей экономика және сервис университеті (профессор И. Ю. Бринк); Бристоль Британдық университеті, Санкт - Петербург мемлекеттік медициналық ветеринария академиясы, Бүкілресейлік Гельминтология ғылыми-зерттеу институты. К.и.

Скрябина, канадалық Лэйкхэд университетінің профессоры Этагбомен келісім-шарт жасалды. Академиялық ұтқырлық аясында ТИГУ профессоры, э.ғ. д. С. Тәжібаев Бішкек қаласындағы «Қаржы және экономика» институтында студенттер мен магистранттарға дәріс оқыды.

Академиялық ұтқырлық бойынша жұмысты жандандыру мақсатында университетте 2019 жылы «Болон процесі» орталығы құрылды. Сондай-ақ, бұл орталыққа көптілді оқытуды одан әрі дамыту міндеті қойылған, өйткені жұмыс берушілердің 65% - ы қазақ, орыс және шет тілдерін, әдетте ағылшын тілін еркін меңгеру қажеттігі анықталды.

2019-2020 оқу жылында ТИГУ шетелдік жоғары оқу орындарына 5 сыртқы академиялық ұтқырық бағдарламасы бойынша жүзеге асырды, оның ішінде 2 студент Оңтүстік Кореяда (Джинджу қ. Кеннам Ұлттық ғылым және технология университеті) оқуын аяқтады және 1 студент Түркияда (Стамбул қ., Стамбул университеті) оқу процесінде, сонымен қатар 2 студент Оңтүстік Кореяға оқуға түсіп, COVID-19 пандемиясына байланысты білім алуы уақытша тоқтатылды. Дегенмен, карантин біткен бойда Кеннам Ұлттық ғылым және технология университеті біздің студенттерімізді қабылдауға келісім білдіріп отыр.

Бүгінгі таңда біздің студенттеріміздің әртүрлі мамандықтар бойынша «Болашақ» университетінде (Қызылорда қ.), Болашақ академиясында (Қарағанды қ.), Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Шымкент қ.), Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті (Шымкент қ.), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ.), Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ.), Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (Қарағанды қ.), Гуманитарлық-техникалық академия (Көкшетау қ.), Х. Досмұхамедов Атырау мемлекеттік университетінде (Атырау қ.), Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінде (Шымкент қ.), Х.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде семестрлік оқудан өту мүмкіндігі бар.

Тілдік дайындық курстарын жандандыру бойынша университет профессор-оқытушылар құрамы Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарында, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымында, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында, ПШО-да және білім беру бағдарламаларын іске асыратын басқа да білім беру мекемелерінде ОПҚ мен қызметкерлердің біліктілігін арттырды.

Үш тілді қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген мамандарды даярлауға ерекше көңіл бөлінеді. Қосымша тілдерді оқытатын оқытушылар: орыс тілінде - 10, қазақ тілінде - 10, ағылшын тілінде – 32.

Студенттер мен оқытушылардың (ішкі және сыртқы) академиялық ұтқырлық мүмкіндіктері кеңейтілуде, есептік кезеңде жоспарланған академиялық ұтқырлық еліміздің 22, шетелдік 3 ЖОО-да жүзеге асырылды.

7 мамандық бойынша студенттер көптілділік саясаты аясында шет тілдерінде білім алады. Қазіргі уақытта ТИГУ-да 12 пән шет тілдерінде оқытылуда.

Ағылшын тілінде 12 сабақ профессорлық-оқытушы дәріс береді, стратегиялық жоспарда 23-ке дейін ұлғайту көзделген.

Қазіргі уақытта университетте 3 шетелдік оқытушы жұмыс істейді.

ТИГУ-дің профессор-оқытушылары Қазақстан мен шетелдік жоғары оқу орындарында дәріс оқиды. Академиялық ұтқырлық бойынша (ішкі/сыртқы) университеттің 22 студенттері 2 басқа ЖОО-да оқиды. Университетке басқа ЖОО-дан академиялық ұтқырлық бойынша (ішкі/сыртқы) 8 студент білім алады.

Дуальді оқытуға бағытталған білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілуде, 7 мақсат қойылды.

8 жетекші халықаралық университеттермен білім алушылардың, қызметкерлер мен ПОҚ-ның академиялық ұтқырлығы туралы келісімшарт жасалды.

Білім алушылардың, қызметкерлер мен ПОҚ-тың Білім және ғылым саласындағы халықаралық гранттық бағдарламалар мен жобаларға қатысу мүмкіндіктері кеңейтілуде. Алдағы 2020-2021 оқу жылында ТИГУ-дан Erasmus+ жобаларына өтінім дайындалуда.

Университет қызметіне GoNomads, SES, AIESEC платформалары арқылы университеттің ғылыми және білім беру қызметіне шетелдік мамандар мен ғалымдарды тарту туралы келісімдерге қол жеткізілді. Әлемдік жағдай бүгінде оларды Қазақстанға шақыруға мүмкіндік бермейді.

Шетелдік әріптес жоғары оқу орындарымен екі дипломды білім беру бағдарламаларын енгізу әлемдік пандемияға байланысты кейінге шегертілді. Қазіргі уақытта негізгі шетелдік серіктестер пандемия жағдайында болашаққа деген көзқарасын қалыптастырады.

ТИГУ - Халықаралық ЖОО қауымдастықтары мен консорциумдарға мүше.

Шетелде білім алушылардың құжаттарын қабылдау кеңселерін ашу бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілуде.

3 мақсат жоғары оқу орындарындағы тәрбие жұмысын жетілдіруге бағытталған. Бұл мақсат бойынша кураторлар жұмысының сапасын арттыру, ПОҚ тәрбие жұмысының тәжірибесін жүйелеу, инновациялық дәрежесі, ҚР жетекші жоғары оқу орындарының тәрбие жұмысының озық тәжірибесін пайдалану міндеттері көзделген. Мақсатты индикаторларды орындау мақсатында университетте 2019-2020 оқу жылында Жастар ісі жөніндегі Комитет, «Алтын шаңырақ» студенттердің кіші ассамблеясы, «Жас Отан» Жастар қанаты, «Еріктілер» қозғалысы мақсатты түрде жұмыс істейді, оларға 200-ден астам студент қатысады. ТИГУ студенттері «Жасыл Ел» жастар еңбек жасақтарына белсенді қатысады. Университетте азаматтық ұстанымды қалыптастыру және «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын нығайту және «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында баяндалған қоғамдық сананы жаңғырту үшін барлық жағдай жасалған. Ұлттық-мәдени құндылықтарды нығайту және жас ұрпақтың адамгершілігін арттыру бойынша «Зияткерлік ұлт-2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүйелі тәрбие жұмыстары жүргізілуде.

Салауатты өмір салтын насихаттау және қалыптастыру мақсатында спорттық секциялар ұйымдастырылды. Университет студенттері өнер және спорт саласында айтарлықтай жетістіктерге жетті. Білім алушылар университеттің тыныс-тіршілігіне және өз құқықтары мен мүдделерін қорғауға қатысты басқарушылық шешімдерді дайындауға, қабылдауға және іске асыруға белсенді қатысады.

Азаматтық позицияны қалыптастыру үшін және «Мәңгілік Ел» ұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын нығайтуға жағдайлар жасау, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында көрсетілген қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі принциптері бойынша университетте жоспарлы жұмыстар атқарылуда.

Жеке тұлғаның қалыптасуындағы тәрбие негізінің маңыздылығын түсіне отырып, университет ұлттық-мәдени құндылықтарды нығайту және жас ұрпақтың адамгершілігін арттыру бойынша «Зияткерлік ұлт -2020»

мемлекеттік бағдарламасын орындау бойынша жоспарлы жұмыстар жүзеге асырылуда.

Студенттердің өмір сүру сапасын арттыру үшін оқушылардың салауатты өмір салты үшін барлық жағдай жасалған.

Жастар ісі жөніндегі Комитет ТИГУ студенттерін (білім алушылардың жалпы санының 28%) жастар саясаты және патриоттық тәрбие саласындағы іс-шараларды іске асыруға белсенді түрде тартады. Білім алушылардың 40%-ға жуығы қоғамдық пайдалы қызметке тартылған.

Университет қызметіндегі студенттік өзін-өзі басқару органдарының рөлі ерекше орын алады. Университет тарапынан инвестициялауды ескере отырып, студенттердің бизнес жобаларын іске асыру үшін жағдайлар жасалған. Мысалы, фото студия, сұлулық салоны, қымбат кофе машинасы бар дәмханалар дайындалды.

Университет жастардың патриоттық тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі, студенттердің шамамен 30% - ы спорт секцияларына қатысады.

Көпмәдениетті және көптілді мамандарды дайындауда практикалық көмек көрсету үшін университет студенттерінің шетелдік студенттермен онлайн режимінде тілдесуі үшін «Алтын шаңырақ» қоғамдық ұйымы құрылды.

4 мақсат «Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру» мақсаты бойынша еліміздің өткен тарихында өзіндік орны бар, өлшеусіз еңбек еткен көрнекті тарихи тұлғалардың шығармашылығына арналған іс-шаралар, қайырымдылық акциялары, форумдар, құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесулер, мемлекеттік тілді насихаттау жөніндегі және толеранттылық пен ұлтаралық келісімді нығайту жөніндегі іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізіледі.

Университетте сыбайлас жемқорлықтан азат, білімді, саналы, патриот және бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу мақсатында **«Саналы ұрпақ»** жобалық кеңсесінің жұмысы ұйымдастырылған.

500 студентке арналған Студенттер үйінде «Адалдық дүкені» ашылған, студенттер өздеріне қажетті қажетті кеңсе заттары мен сусындарды қажетті соманы қалдырып, қайтарымдарымен қоса ала алады. Бұған қоса, **«Бір терезе»** қағидасын кенінен пайдалануда, арнайы құрылған «Бәйтерек» Студенттерге қызмет көрсету орталығы арқылы жатақанаға

мұқтаж студенттер онлайн тіркеледі. Кері байланыс негізінде рұқсатнама толтырылады.

Барлық мамандықтар бойынша **«Сыбайлас жемқорлық негіздері» атты 3 кредитпен** оқытылатын пән оқытылуда. Білім алушылардың жазба жұмыстарының барлық түрлері (курстық, дипломдық, магистрлік) Антиплагиат бағдарламасымен тексеріледі.

Бұған қоса, студенттер үйінде «Адал оқырман» «Каворкинг» орталығы, асхана, видеостудия, түнгі абонемент, ғаламторға қосылған компьютер орталығы, 100 орындық «Sinema HaLL» кинозалы, гимнастика залы, шағын футбол алаңы, студенттердің сұлулық салоны, тәулік бойы жұмыс істейтін электрондық кітапхана және студенттердің шығармашылық және ғылыми еңбектерін жарыққа шығару мақсатында баспахана, медициналық пункт, «Парасаттылық мектебі» курсы жүргізіледі.

Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетті көтеру, сапалы да саналы білім беру жүйесі арқылы сыбайлас жемқорлықтан бас тартатын студенттер ортасын қалыптастыруға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы департамент басшыларымен, құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесулер, университет ректорының белсенді студенттермен еркін форматтағы **«Ректор сағаты»**, **«Таза сессия»** акциясы дәстүрлі ұйымдастырылып тұрады.

Сонымен қатар, барлық оқу ғимараттарында **«Сенім поштасы»** және **«Сенім телефонының»** жұмысы ұйымдастырылып, **«Таза білімді қолдаймыз!»** акция-плакаты шығарылды, **«Адал бол!»** видео-ролигі әзірленді; **«Пара берме – парасатты жас!»** видео Challenge таратылды. Университет ректорының арнайы блогы бар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қолдау мақсатында әлеуметтік желілер арқылы студенттермен ашық сұхбат жүргізіледі.

Өткен және қазіргі Қазақстанның көрнекті тарихи тұлғаларының қызметін жариялау бойынша және құқық қорғау органдарының өкілдерімен қайырымдылық акцияларына, форумдарға, кездесулерге қатысып, 2019-2020 оқу жылында 9 қайырымдылық акциялары мен 5 флеш-мобтар өткізіледі, 34 кездесулер өткізілді.

Мемлекеттік тілді насихаттау жөніндегі 22 университеттік, 17 облыстық, 5 республикалық іс-шаралар өткізілді.

Толеранттылық пен ұлтаралық келісімді нығайту жөніндегі барлығы 23 іс-шаралар, оның ішінде 3 фестиваль, 12 кездесу, 7 «Біз біргеміз» еріктілер қозғалысының қатысуымен акциялар өткізілді.

Дін істері департаментінің өкілдерімен, ҰҚКД қызметкерлерімен, Жамбыл облысы әкімдігінің «дін мәселелерін зерттеу орталығы» қызметкерлерімен дөңгелек үстелдер, кездесулер өткізілді.

Діни экстремизм мен терроризм қаупі туралы студенттердің хабардар болу жағдайына мониторинг жүргізіледі, сауалнамалар алынады.

II стратегиялық бағыты «Университеттің білім беру қызметін ғылыми-ақпараттық қамтамасыз ету» бойынша алғашқы кезекте **1 мақсаты «Университеттің ғылыми инфрақұрылымын жетілдіру»** белгіленген. Бұл бағытта университетте ғылыми орталықтар мен зертханалар құрылып, жоспарлы жұмыстар атқаруда.

Университеттің ғылыми құрылымдарында іргелі және қолданбалы зерттеулердің мәселелерін шешуге қабілетті жетекші ғалымдар мен мамандар жұмыс істеуде:

- «Агробиология» ғылыми- зерттеу институты – Молдахметов М.

- «Ветеринария және мал шаруашылығы» ғылыми институты – Байжанов К.

-«Рухани жаңғыру және Шерхантану» орталығы – Кембаева А.

Әрбір ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтары арнайы бекітілген жоспар негізінде өзінің жұмысын жүргізуде. «Агробиологиялық» ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері жүгерінің жаңа «Будан» сортын шығарып, Мойынқұм аумағына егілген бұл сорт жоғары өнімділігімен ерекшеленді.

Ғылыми-зерттеу институттарында университет студенттері кәсіби практика түрлерінен өтіп, тәжірибелік іскерліктерін дамытады.

